

Жомарт текті азамат

Жақсының көзі, тектінің тұяғы, атақты балуан, жаттықтырушы, көптеген жастарды тәрбиелеген ұстаз, бүгінгі таңда ата-бабадан келе жатқан асық ойынын насихаттап жүрген Жомарт Сабыржанұлының отбасын құрғанына 50 жыл толуына байланысты осы азамат жөнінде бір-екі ауыз пікір жаза кеткенді жөн көріп отырмын.

Біріншіден Жомарт туралы ой қозғамас бұрын оның өскен ортасы жөнінде айтқым келеді. Текті Торғайдың киелі топырағынан талай жақсылар шыққан. Жалпы қазақта Ордабасы, Қарқаралы, Торғай, Баянауыл деген төрт ерекше киесі бар аймақ бар. Осы өңірлерден шыққан жақсылар мен жайсаңдардың саны бір облыстың халқымен тең болады екен. Олардың барлығы да халқына қызмет еткен, бар саналы ғұмырын елдің мақсат-мұратына жұмсаған азаматтар. Соның ішінде киелі Торғайдың топырағынан 57 мемлекет қайраткері және басқа да есімдері ісі қазаққа белгілі тұлғалар шыққан. Бір сөзбен айтқанда Алланың нұры түскен жер десең ешқандай артық айтқандық емес. Көп жағдайда кейінгі ұрпағымыз осы елдің қадір-қасиетін, жақсылығын, тарихын біле бермейді. Қазақта «Өлі жебемей, тірі байымайды» дейді. Біздер бір азамат туралы сөз қозғау үшін оның ата-бабасын айтып, олардың рухына бас июге мін-

деттіміз. Соны бүгінгі ұрпаққа жеткізу бізге парыз.

Жомарт Сабыржанұлы Қыпшақ руының, оның ішінде Сары деген бөлімінен шыққан азамат. Кезінде Қабырға бойы қалың ел еді, қазір сиреп қалды. Сол Қабырғаның бойында Қошқар батырдың бабалары Өтетілеу деген Абылай ханның заманында жау ала алмай тұрған қорғанға атпен шауып алған батыр болыпты. Сонда Абылай: «Әй, анау ерлік көрсеткен ұзын сары кім өзі? Шақырыңдаршы» депті. Сөйтсе Өтетілеу көзі көк, сары кісі екен. Содан дуалы ауызды ханның айтуымен Сары атанып кетіпті. Аманкелді ауданынан 60 шақырым жерде жатқан Қабырға ауылы бүкіл жан-жануардың, құстың мекендейтін аймағы болыпты. Өтетілеуден кейін атақты Дау деген батыр болған. Ол Қошқардың әкесі. Құмкешу ауылы мен арасы 25 шақырым Дау деген жерде ол бабамыз мәңгілікке мекендеген. Ұлт-азаттық көтерілісінің хас батыры Қошқар қартайған шағында денсаулығы көтер-



мегесін Кеңесарыға ермей, бірақ батасын берген адам. Аманкелді Имановтың атасы Иман батыр Қошқармен құрдас екен, Кенесарымен бірге аттанар кезде келіп досымен қоштасыпты. Сонда Қошқар: «Әй, Қуықбас, сен Алатаудан келмессің, бірақ сенің хабарыңды маған мынау берер», деп өзінің ақауыз атын беріпті. Кейін Кенесарымен бірге Иман батырдың да мерт болғанын сол ақауыз ат бір жылдан соң қашып келіп, Қошқар батыр сол арқылы олардың хабарын біліпті.

Енді сол Қошқардан бері талай игі жақсылар шықты. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Сол сары Қошқар батырдан туған Тоққожа, Аяпберген, Бижан, Біржан деген кісілер тарихи тұлға болған азаматтар. Жомарт Сабыржанұлы осы әулеттен шыққан жақсылардың

бірі. Ата-бабаларының шапағаты тиген азамат. Жомарттың жақсы болатыны, жайсаң болатыны ата-бабасының түп-төркінінде аруақты азаматтар көп болғандығынан деп білемін.

Соңғы 30 жылдың ішінде осы әулеттен жазушы, қазақтың мұң-мұқтажын жоғары жаққа жеткізе білген Сапабек Әсіп деген азамат шықты. Ол кісі осы Жомарттың ағасы. Жомарттың өзі төрт-бес ағайынды жігіт. Оның менімен құрдас Жұматай деген ісі қазаққа белгілі ағасы болды. Ол қазақ тілінің қамқоршысы, елдің мұңын қаламы арқылы ешкімнен тартынбастан ашық жазған жазушы ретінде тарихта қалды. Ол - әділетсіздікке қарсы ғазуат соғысын жариялады десем артық айтпаған болар едім. Одан кейін інісі Әлімжан бар саналы ғұмырын қазақ телевизиясына арнап, жақында ғана зейнеткерлікке шықты. Жомарттың өз ұлы Ержан да төрт-бес тіл білетін өте білімді азамат. Сонымен қатар Нағашыбай деген інісі Арқалықтағы елге белгілі ұлтжанды кәсіпкерлердің бірі.

Қазақта кісінің кісілігі сәлемінен дейді. Жомарт сәлемі түзу азамат. Кездескенде іші-бауырыңа кіріп, бәрін сұрап жаны қалмай жатады. Еріксіз риза боласың. Жомарт елден қалаға ерте кетсе де қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін, спортың бір адамдай

дамытып жүр. Ең бастысы мен былай істедім деп ешуақытта мақтанбайтын азамат.

Ол қазақтың қанында бар ұлттық ойынымыз асық атуды спортқа айналдырды. Асық ату - адамды икемділікке, мергендікке, шыдамдылыққа баулитын өнер. Мұның бәрі бүгінгі жастарға өте қажет. Жомарт осы асық спортың басынан бастап бүгінге дейін жеткізді. Қазір асық спорты әлемге таныла бастаса, ол - бірінші Жомарттың қажырлы еңбегінің арқасы деп білеміз.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов: «Ананың құрсағына түскен балаға туған жерінің, ата-бабасының қадір-қасиеті мен киесі жұғады» деген екен. Міне, сол тура айтылған сөзді Сабыржановтар әулеті дәлелдеп отыр. Ата-бабасының тектілігі, әке-шешесінің қан тазалығы осындай азаматтарды дүниеге әкеліп жатыр. Халық текті Торғай деп текке айтпайды. Осы текті жерден Жомарттың да шығуы заңдылық деп білемін. Жомарт сияқты азаматтар көп болса еліміздің ертеңі жарқын болар еді. Өзім ерекше сыйлайтын ініме отбасы амандығын тілеймін! Ғұмыр жасы ұзақ болып, елге, ұлтқа қызмет ете берсін!

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
Арқалық қаласының
құрметті азаматы